*Зерттеу нәтижесінде Батыс Қазақстан облысы Жаңақала ауданы жайылымдарының өсімдік жамылғысының өзгеру дәрежесі ынақталды. Жаңақала ауданы жайылымдарының өсімдік массасының негізін жылдың барлық маусымдарындағы жай-күйіне (75-90%) байланысты *Artemisia lerchiana* құрайды. Тозған жайылымдық жерлерді (антропогендік шығу тегі) келесі топтарға біріктіруге болады: шектен тыс мал жаю нәтижесінде зардап шеккендерді; трофикалық тізбекті (жануар-өсімдік) дұрыс таңдамау нәтижесінде зардап шеккендерді, яғни жайылымдарды оталау монополиялық мал шаруашылығы табынымен жүргізілді; қолайсыз эдафотоптық сипаттамалары бар (сортаңдануы, дефляциялық тұрақсыздығы, қоректік заттардың кедейлігінен төмен әлеуетті өнімділігі және т. б.) жерлерді қарқынды ауыл шаруашылығы айналымына тарту, оларды кейіннен тыңайған жерлер мен жайылымдық жерлерге ауыстыру; зоомикроклиматтық жайылымдық талаптарына және санитарлық-гигиеналық нормаларға сәйкес келетін жайластырылған жайылымдық жерлердің болмауы. Табиғи жайылымдарда шөлейт аймақ жағдайында өсімдік жамылғысының тозуы климаттық және антропогендік факторлардың әсерінен болады және биоклиматтың аридтік жағдайында 5-дәрежелі бағаланады. Азып-тозудың әрбір келесі деңгейінде өнімділіктің жоғалуы, жобалық жабынның азаюы байқалады және өсімдіктердің биіктігі азаяды. Алдын ала деректер бойынша жайылымдық жерлердің жай-күйінің нашарлауының негізгі себебі Ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың жүйесіз ұйымы болып табылады. Сонымен қатар, шөлейт аймақтың жайылымдық алқаптарының жай-күйінің нашарлауының табиғи факторы аридті климаттың әсерінің күшеюі болып табылады.*

Түйінді сөздер: жайылымдар, өсімдік жамылғысы, дигрессия, өнімділік, жартылай-шөлейт аймақ

ASSESSMENT OF CONDITIONS OF VEGETABLE COVER OF SEMIDESERTIC ZONE PASTURES

Nasiyev B.N. - doctor of agricultural sciences, corresponding member of NAS RK, professor. Zhangir Khan West Kazakhstan agrarian and technical university, Uralsk

Esenguzhina A.N. - master of agricultural sciences. Zhangir Khan West Kazakhstan agrarian and technical university, Uralsk

*Research has shown a degree of change of the vegetation cover of pastures of Zhangala district of West Kazakhstan region. The basis of the plant mass of rangelands of the Zhangali region, depending on the conditions (75-90%) in all seasons of the year is *Artemisia lerchiana*. Degraded pasture lands (of anthropogenic origin) can be grouped into the following groups: those affected by overgrazing; those affected by improper selection of the trophic chain (animal-plant), that is, grazing was carried out by a monobreed livestock herd; involvement in intensive agricultural use of land, having a dysfunctional edaphotopes characteristics (high salinity, deflationary instability, low productivity potential because of the poverty of nutrients, etc.) with the subsequent transfer of a Deposit, and pasture land; the lack of a rangeland that meet the requirements comicalities comfort and sanitary-hygienic norms. In the conditions of semi-desert zone on natural pastures degradation of vegetation occurs under the influence of climatic and anthropogenic factors and is estimated in the conditions of bioclimate aridity 5 degrees. In each subsequent degree of degradation, there is a loss of yield, a decrease in the projective cover and a decrease in plant height. According to preliminary data, the main reason for the deterioration of pasture lands is the unsystematic organization of grazing of farm animals. Along with this, the natural factor of deterioration of the pasture lands of the semi-desert zone is the strengthening of the arid climate.*

Keywords: pastures, vegetable cover, digression, efficiency, semidesertic zone

Introduction. Our republic has all necessary prerequisites for the development of meat cattle breeding. It is existence of natural fodder grounds and not used arable land, low-cost pasturable technology of meat cattle breeding. Besides, the livestock production is primordial craft of indigenous people. All this creates the potential for the formation of Kazakhstan as significant and competitive player in the world market. In this regard, increase in efficiency of natural pastures is a priority task. This was also noted in the Message of the President of the Republic of Kazakhstan N. Nazarbayev to the people of Kazakhstan [1].

Transformation of vegetable cover as a result of economic activity of a human is characteristic of many regions and countries, but seriously scientists began to study this problem from 80th years of last century [2,

p. 29]. The first experience of special researches on the problem of transformation of vegetation and ecosystems as a result of influence of various factors was received due to the works of the Soviet-Mongolian complex biological expedition (1985-1990) where Kazakhstan geobotanists - E.I. Rachkovskaya and N.P. Ogar [3, p. 39] took part. Issues of pasturable digression of fodder grounds are rather well studied in the researches conducted by the scientists of Russia.

Similar researches were also conducted in foreign countries. In Mongolia, climatic data for 2000-2007 on 14 stations located on Selenga, Darhan, Central, Govsumber and East Gobi aimags were collected. Researches allowed to approach more reasonably assessment of pastures condition, their anthropogenic broken condition, and as a result - to the nature of transformation of steppe ecosystems at pasturable use [4, p. 4].

Issues of a pasturable digression found reflections in the researches of other scientists of Kazakhstan where decrease in efficiency of degraded communities under the influence of intensive pasture was shown. It is shown that at a pasturable digression there are changes of floristic structure and a ratio of ecological groups and vital forms, projective covering, herbage height, aftermathability, longevity of plants, productivity decrease. Change of vegetable cover at grazing happens gradually. The certain stages of deviation from an initial condition of herbage called stages of pasturable digression are observed [5, p.186].

However, these researches are focused on other quantitative characteristics of soil, climate, levels efficiency of plants and profitability of agricultural production. Similar researches of conditions of pastures, for the purpose of their protection and rational use in a zone of studying were not carried out earlier.

Purpose of research. Assessment of the current state of pastures for their protection and rational use.

The work is performed within the program of target financing of the MA RK for the subject BR06249365 "Creation of highly productive pasturable grounds in the conditions of north and west kazakhstan and their rational use".

Material and methods. The following methods were applied to the assessment of semidesertic pasturable ecosystems condition:

Method of ecological ranks_for the comparative analysis of space-time changes (transects) in which selection of information with the use of cartographic fixation of temporary conditions of pasturable ecosystems was made. For receiving objective conclusions about spatial and temporary dynamics of vegetation, ecological ranks will be put in the territory, most typical for this landscape, allowing to make the analysis of changes of all of its interfaced elements, including extents of economic use (decreasing factor - grazing). The ranks are chosen on the pastures differing in various extent of anthropogenic influence (from the most stumbled territories, for example, wells, sheep barns, winterings, to less changed sites, up to reserved territories).

Vegetable communities allocated in the area of ecological row annually (and seasonally) will be exposed to the most detailed geobotanical description, identification of initial and "relic" types which existence can appear substantial assistance in reconstruction of previous vegetation and is predicted by potential.

Scale of digression. Violation connected with vegetation pass variously in different types of pastures. The assessment of digression of semidesertic pastures will be carried out on the following signs: 0 – there are no signs of digression (at the absence or very weak grazing);

1 – hardly noticeable changes in number, minor populations (at weak grazing);

2 – noticeable changes in a number and condition of minor cenopopulations, efficiency of pastures is not reduced, the surface of soil has insignificant violations (at moderate grazing);

3 – the efficiency of dominant is reduced, fall out of its separate copies is observed (other perennials too), as a result of direct impact of animals violations of a surface of soil are noticeable and the number of annual plants (pasture overload) is increased;

4 – the efficiency of pasture is strongly reduced, cenopopulation of dominant is suppressed (considerable fall out, violation of uniformity of placement of individuals and age structure), some types dropped out, the surface of soil has violations, the number of annual plants is strongly increased (strong overload of pasture);

5 – dominants is suppressed, its elevated phytoweight and projective covering are reduced more than three times and usually less than at annual plants, many types dropped out, the surface of soil is strongly broken (very strong overload of pasture);

6 – dominants and remained species of perennials is single, annual plants often dominate (final phase of digression – catacenosis); 00 – pasture is destroyed (full poaching).

Research result. The problem of studying of conditions of plant formations of pasturable ecosystems remains still relevant as first of all it is connected with receiving quality livestock products with rather cheap prime cost. Therefore, researchers develop numerous techniques of increase in efficiency of vegetable formations based on improvement of abiotic conditions of habitat of plants, mobilization of phytoresources differing in high efficiency of biomass accumulation.

In general, within West Kazakhstan region, the natural potential of pasturable ecosystems is the highest in steppe zones where there is more optimum hydro-thermal mode. There is less than amplitude of fluctuation of climatic factors during the vegetative period and by years. In semidesertic areas, natural climatic resource is the most adverse concerning moisture therefore efficiency is frequent less here, and interyear variation is the highest. However, the integrity of width regularities can be broken, both in certain territories under the influence of repasture, and at long climatic fluctuations.

Till 90th years of the XX century load of natural pastures often exceeded their capacity by 2-4 times. Taking into account all consumers of pasturable forage (domestic and wild animals, rodents, insects phytophages), natural pastures experienced strain in mid-yielding years 4 times higher than norm, in adverse - by 8.5 times, in favorable - by 2.6 times. The most intensively negative changes in a vegetable cover were noted at a combination of the raised loading and strong degree of aridity of climate remaining 5-10 years [6, p.84].

Degraded pasturable lands (anthropogenic origin) can be united in the following groups:

- injured with repasture;
- injured with wrong selection of trophic chain (animal-plant), that is drain of pastures was carried out by multi-breed livestock herd;
- involvement of lands in intensive agricultural turnover, having unsuccessful edaphotopic characteristics (increased salinity, deflationary instability, low potential efficiency because of poorness of nutrients, etc.) with their subsequent transfer to deposits and pasturable grounds;
- lack of equipped pasturable grounds conforming to the requirements of zoomicroclimatic comfort and sanitary hygienic norms.

However, there are still no reliable criteria for evaluation of extent of pasturable lands degradation, respectively the efficiency of acceptance of economic measures of management is late.

The relevance of development of high-quality diagnostics is undoubted as about 70% of arid pastures is degraded. It will allow to reveal the territories demanding phytomelioration or reduction of load of pasturable ecosystems.

While grazing, animals eat not all plants in a row, therefore, at continuous influence plants and species attractive to them, which are not maintaining hoofed loading gradually begin to disappear.

Besides, tall plants with direct stalks are replaced by stocky which have stalks, creep on the surface, or form the socket of leaves therefore it is difficult for animal to eat them. At the grazing, conditions of the increased dryness of soil are created therefore plants of xerophile row remain better than types of mesophytic character.

The pasturable digression of vegetable cover in the conditions of aridity of bioclimate in a semidesertic zone of West Kazakhstan can be estimated by 5 degrees:

- 1) - weakly stumbled pastures - biodiversity is high for the account herbs;
- 2) moderately stumbled pastures - plants of *Iridaceae*, *Liliaceae*, *Geraniaceae* drop out. Herbs prevails;
- 3) mid-stumbled - large soddy cereals of *Stipa*, *Agropyron*, *Fabaceae* drop out. Small soddy cereals of *Festuca*, *Psathyrostachys*, *Bromus*, *Anisantha*, semi-bushes of *Chenopodiaceae* and *Asteraceae* family prevail;
- 4) strongly stumbled - cereal annual plants dominate: *Roa*, *Bromus*, *Anisantha*, among semi-bushes - *Artemisia*, ruderal types intrude: *Lappula*, *Medicago minima*, *Polygonum aviculare*;
- 5) very strongly stumbled - annual plants from families dominate: *Chenopodiaceae*, *Brassicaceae*, *Roaseaye*; semi-bushes are almost absent, they are replaced by *Euphorbia*, *Ceratocarpus*.

Assessment of natural pasturable ecosystems which were a long time exposed to an independent pasture shows that not only the biodiversity decreases, but also projective covering decreases, reserved phytomasses, structure of fitotsenoz changes. That is there is a deep negative reorganization of ecosystems.

On the territories of semidesertic zone (Zhangalinsky area) of West Kazakhstan region we carried out studying of current state of vegetable cover of pastures. Observations were made on 15 pastures of rural districts of Zhangalinsky area. On the area the pastures located within *Artemisia lerchiana* communities on light brown soils, black-absinthial communities on solonetzic soils, *Artemisia lerchiana* communities on solonetzic soils and wheatgrass communities on light brown soils were studied.

Based on the conducted field examinations of plant formation on the leading types of pastures, we developed a scale of a digression of pasturable ecosystems of a semidesertic zone on the example of Zhangalinsky area.

Indicators of value of pastures, their specific structure and efficiency at various levels of digression under the influence of antropogenic factors were reflected in a scale and natural features of the explored region and degradation mechanism and also dynamics of vegetable cover under the influence of antropogenic factors were considered.

The scale of digression of pastures includes 5 stages of this process which are characterized by the following signs: change of vegetation; floristic and ecobiomorphic structure; ratio of long-term and one-year types; projective covering; extent of pasture use and its efficiency.

This scale was created base on the detailed assessment of condition of pasturable ecosystems of research zone and considered during the developing of methods of increase in efficiency, protection and their rational use increase in efficiency of plant formation at the sparing mode of pastures use.

From the obtained data it is visible that the pasturable digression is shown on all types of pastures, on all elements of relief and soil cover. It is expressed in impoverishment of specific structure of vegetable communities, deprivation of projective covering and decrease in efficiency of plant formation in general and quality of forage.

In quantitative and economical indices these processes look even more destructive.

In this regard, during the researches we investigated pasturable ecosystems with different vegetation and on different types of soils (light brown mid-loamy, solonetzic soils).

The field researches conducted on the pastures of Zhangalinsky area allowed to mark out features of pasturable digression of vegetable communities of semidesertic zone pastures of West Kazakhstan region.

In our opinion, the quantity of stages of pasturable digression increases in the presence in radical plant formations of different vital forms of plants, variety of specific structure in separate vital forms.

In vegetable communities on mid-loamy soils, the number of stages are usually higher than in plant formations on sandy soils.

The number of stages of pasturable digression can decrease in multispecific communities if the dominating types of initial stages of digression are badly eaten by animals. Features of pasturable digression are caused by differences in the specific structure of initial vegetable communities created in the conditions of moderate grazing on different soils.

Based on the conducted researches on zonal light brown soils we allocate 5 stages of pasturable digression in pasturable communities that is connected with the existence of long-term cereals in radical vegetable communities: *Festuca valesiaca*, *Stipa lessingiana*, *Stipa capillata*.

Summary. In the conditions of semidesertic zone on natural pastures degradation of vegetable cover happens under the influence of climatic and anthropogenic factors and is estimated in the conditions of aridity of bioclimate by 5 degrees. From weak degree where the high biodiversity and bioproductivity remains, the optimum phytocenotic structure is formed, to very strong where invaluable annual plants dominate and profound negative structural changes are fixed. In each following extent of degradation loss of productivity, reduction of projective covering is noted and height of plants decreases.

REFERENCES:

1. Date of the application 07.06.2018.

http://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-prezidenta-respubliki-kazahstan-n-nazarbaeva%20narodukazahstana-10-yanvarya-2018-g

2. **Rachkovskaya E.I. Kratkaya programmno-metodicheskaya zapiska po marshrutnomu izucheniyu suktsessionnykh ryadov rastitel'nykh soobshchestv, voznikayushchikh pod vliyaniem khozyaystvennoy deyatelnosti cheloveka** [Tekst]: monografija. – M.-L., 1960. – 82 s.

3. **Miklyayeva I.M., Fakhire A. Pastbishchnaya digressiya sukhikh stepey Tsentral'noy Mongolii** [Tekst] / I.M. Miklyayeva // Vestn. Mosk. Un-ta. Ser. 5. Geografiya. – 2004. – № 6. – S. 38-43.

4. **Zhang K, Zhao K. Afforestation for sand fixation in China. J.** [Text] / K. Zhang // Of arid environment. Academic Press. United States. ISSN: 0140-1963 (Print), 1095-922X, 2011. – №16. – P. 3-10.

5. **Nasiev B.N., Tulegenova D.K. Sezonnaya dinamika bioproduktivnosti pastbishchnykh ekosistem polupustynnoy zony** [Tekst] / B.N. Nasiev // Mnogoprofil'nyy nauchnyy zhurnal KGU im. A. Baytursynova «3i: intellect, idea, innovation – intellekt, ideya, innovatsiya». Kostanay, 2017. – №1. – ch.1. – S. 186-191.

6. **Zhambakin Zh.A. Pustynnye pastbishcha i ikh ispol'zovanie** [Tekst]: monografija. – Alma-Ata, 1995. – 101 s.

Сведения об авторах

Насиев Бейбит Насиевич – профессор кафедры «Растениеводство и земледелие» Западно-Казахстанского аграрно-технического университета имени Жангир хана, доктор сельскохозяйственных наук, член-корреспондент НАН РК. индекс. 090000, г. Уральск, ул. Жангир хана, 51, тел. 87051429866, e-mail:veivit.66@mail.ru

Есенгузина Айнаш Нуралиевна – преподаватель кафедры «Растениеводство и земледелие» Западно-Казахстанского аграрно-технического университета имени Жангир хана, магистр сельскохозяйственных наук. индекс 090000. г. Уральск, ул. Жангир хана, 51, тел. 87474041669, e-mail: esenguzhina1987@mail.ru

Nasiyev Beybit Nasiyevich – professor of Plant Growing and Agriculture department of Zhangir Khan West Kazakhstan agrarian-technical university, doctor of agricultural sciences, corresponding member NAS RK. Uralsk, Zhangir khan St., 51, tel.87051429866, e-mail:veivit.66@mail.ru

Yessenguzhina Ainash Nuralievna – teacher of Plant Growing and Agriculture department of Zhangir Khan West Kazakhstan agrarian-technical university, master of agricultural sciences. Uralsk, Zhangir khan St., 51, tel. 87474041669, e-mail: esenguzhina1987@mail.ru

Насиев Бейбіт Насиұлы – Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің «Өсімдік шаруашылығы және егіншілік» кафедрасының профессоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, Орал, Жәңгір хан к. 51, тел. 87051429866, e-mail: veivit.66@mail.ru

Есенгужина Айнаш Нуралиевна – Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің «Өсімдік шаруашылығы және егіншілік» кафедрасының оқытушысы, ауыл шаруашылығы ғылымдарының магистрі, Орал, Жәңгір хан к. 51, тел. 87474041669, e-mail: esenguzhina1987@mail.ru

ОӘЖ 638.123.(574)

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫС АЙМАҒЫНДАҒЫ ЖЕРСІНДІРІЛГЕН БАЛ АРА ТҰҚЫМДАРЫНЫҢ ӨНІМДІЛІК КӨРСЕТКІШТЕРІ

Нұралиева Ұ.Ә., ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, Қазақ Ұлттық Аграрлық университеті, Алматы қаласы,

Жетпісбаева Б.Ш., ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, Алматы технологиялық университеті, Алматы қаласы,

Омарова Қ.М., ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қаласы

Табиғи-климаттық және бал жинау жағдайлары бойынша Қазақстан аумағы шартты түрде 6 нақты белгіленген омарта зонасы – шығыс, оңтүстік-шығыс, оңтүстік, батыс, солтүстік және орталық аймақтарға бөлінген. Әрбір аймақта табиғи-климаттық жағдайларға байланысты бал ара шаруашылығын жүргізу және бал араларының өсірілетін тұқымдарын жерсіндіру тәсілдеріне тән.

Мақалада Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы бал араларын ұстау шарттары егжей-тегжейлі қарастырылған. Зерттеушілер аймақта өсірілетін бал араларының биологиялық ерекшеліктерін, бал жинау жағдайларын және биологиялық ерекшеліктері зерттелінген. Осыған байланысты бал араларының жерсіндірілген тұқымдық құрамын және олардың өнімділік көрсеткіштерін зерттеуге ғылыми-практикалық қызығушылық өзекті мәселе. Табиғи-климаттық және бал жинау жағдайларына таза тұқымды ара ұяларын жерсіндіру аудандық және облыстық жоспарларында ескерілді. Шаруашылыққа пайдалы белгілер мен табиғи-климаттық жағдайлар арасында байланыс қатты тәуелділікті көрсеткен. Зерттеуде көрсеткендей, бал сапасының органолептикалық және физикалық-химиялық көрсеткіштері МЕСТ талаптарына сәйкес келеді және балды аралардың карпат және краин тұқымында бірдей. Алайда, тауар балының және ара балауызының өнімділігі бойынша, краиндық аралар карпат араларынан тиісінше 2,12 кг және 7,76 кг асып түсетіндігі көрсетілген.

Түйінді сөздер: карпат бал ара тұқымы, краинка бал ара тұқымы, бал, балды өсімдіктер, бал шырыны, бал өнімділігі, балауыз өнімділігі.

PRODUCTIVE INDICATORS OF CHILDREN'S PURCHASES IN SOUTHEAST REGION OF KAZAKHSTAN

Nuralieva U.A. - candidate of agricultural sciences, Kazakh National Agrarian University, Almaty, Jetpisbaeva B.Sh., candidate of agricultural sciences, Almaty Technological University, Almaty,

Omarova K.M. - candidate of agricultural sciences, S.Seifullin Kazakh Agrotechnical University, Nur-Sultan

According to natural-climatic and honey-gathering conditions, the territory of Kazakhstan is conditionally divided into 6 distinct beekeeping zones – Eastern, South-Eastern, southern, Western, Northern and Central. Each zone, depending on natural and climatic conditions, has its own methods of conducting beekeeping and acclimatization of bred breeds of honey bees.

The article discusses in detail the conditions of honeybees in the South-East of Kazakhstan. The researchers consider - based technology content, conditions and biological characteristics of honeybees bred in the region. In this context, the current scientific and practical interest in studies of domesticated species of honey bees and their productivity. Natural-climatic and honey-gathering conditions were taken

into account in district and regional plans of acclimatization of purebred bee families. The rigid dependence between economically useful features and climatic conditions is shown. Studies have shown that organoleptic and physico-chemical quality parameters of honey correspond to requirements of GOST and the same for Krajina and the Carpathian breed of bees. However, the productivity of the commodity of honey and bee wax, the Krajina bees are superior to the Carpathian bees by 2.12 7,76 kg. and kg., respectively.

Key words: Carboat bee seeds, honey beet, honey, honey plants, honey juice, honey productivity, wax productivity.

ПОКАЗАТЕЛИ ПРОДУКТИВНОСТИ АККЛИМАТИЗИРОВАННЫХ ПЧЕЛ В ЮГО-ВОСТОЧНОМ РЕГИОНЕ КАЗАХСТАНА

Нуралиева У.А. - кандидат сельскохозяйственных наук, Казахский Национальный Аграрный университет, г. Алматы,

Джетписбаева Б.Ш. - кандидат сельскохозяйственных наук, Алматинский технологический университет, г. Алматы,

Омарова К.М. - кандидат сельскохозяйственных наук, Казахский агротехнический университет им. Сейфуллина, г. Нур-Султан

По природно-климатическим и медосборным условиям территория Казахстана условно разделена на 6 четко выраженных пчеловодных зон – восточную, юго-восточную, южную, западную, северную и центральную. Каждой зоне в зависимости от природно-климатических условий присущи свои способы ведения пчеловодства и акклиматизации разводимых пород медоносных пчел.

В статье подробно рассматриваются условия содержания медоносных пчел на Юго-Востоке Казахстана. Исследователи рассматривают - обоснованные технологии содержания, условия медосбора и биологические особенности медоносных пчел разводимых в регионе. В этой связи, актуален научно-практический интерес к исследованиям акклиматизированного породного состава медоносных пчел и их показателей продуктивности. Природно-климатические и медосборные условия учитывались в районных и областных планах акклиматизации чистопородных пчелиных семей. Показана жесткая зависимость между хозяйственно полезными признаками и природно-климатическими условиями. Исследования показали, что органолептические и физико-химические показатели качества меда соответствуют требованиям ГОСТа и одинаковы у карпатской и краинской породы медоносных пчел. Однако по продуктивности товарного меда и пасечного воска, краинские пчелы превосходят карпатских пчел на 2,12 кг. и 7,76 кг. соответственно.

Ключевые слова: Карпатская порода пчел, краинская порода пчел, мед, медовые растения, медовый сок, медовая производительность, восковая производительность.

Кіріспе. Бүгінгі таңда Қазақстанның ара шаруашылығы қайта өрлеу кезеңін бастан кешіруде. Саланың жаңа даму тарихы Республикамыздың тәуелсіздік алғанынан басталды. Оған маңызды түрткі болған – Қазақстан Республикасының «Ара шаруашылығына байланысты Заңның» қабылданғаны және Қазақстан омарташыларының «Бал-Ара» Ұлттық Одағының құрылуы.

Қазақстанның кең алқаптары мен географиялық жағдайы ірі кешенді Ара шаруашылығын дамытуға жақсы жағдай жасай алады. Сонымен қатар, саланың дамуын тежеп тұрған кейбір сұрақтарды міндетті түрде шешуіміз керек [1].

Ара ұясының өзіндік күрделі биологиялық және шаруашылық ерекшелігі бар. Ол бірнеше ондаған мың жұмысшы аралардан, әдетте ұяның қарқынды әрекеті кезеңінде ғана тіршілік ететін бірнеше жүз немесе мың арадан және бір аналық арадан тұрады.

Мал тұқымдарын асылдандыру мен селекция, яғни көбейтуге таңдап алу ұғымдары аса ұқсас. Бірақ асылдандыру жұмыстарын жүргізу үшін оны көбейтіп, жақсы өнім беретіндерін таңдап, олардан жаңа ұрпақ алу, біздің жағдайымызда жақсы аналық ара өсіру және одан тұқым алу. Ара өсірумен шұғылданатын шаруашылықтарда сапалы аналықтарды шығарудың ең басты жағдайы репродукциялық материалдың құндылығына байланысты болады. Карпат, және краинка араларды жаңа орта жағдайларда өсіру - бастапқы материалды қысқа төзімділігі секілді және тағы басқа өндірістік қызығушылық танытатын көрсеткіштерін жан-жақты бағалау қажеттілігінен туындап отыр. «Крестьянское хозяйство» жеке шаруашылық Түрген ауылында орналасқан. Омартада 200 ара ұясы карпат тұқымынан құралған. «Добрый мед» жеке шаруашылығы Алматы қаласында Әуезов ауданында орналасқан. Омартада 70 ара ұясы краинка тұқымы өсіріледі.

Карпат тұқымы араларының тарихи тіршілік ортасы ылғалды және салқын климатты Карпат таулы аймағы болып табылады. Г.А. Аветисянның айтуы бойынша карпат аралары көп белгілері бойынша краин тұқымдарына ұқсас және жалпы шығу тегі бір деп санайды. Қазіргі кезде олар

бұрыңғы Совет Одағының барлық елдерінде, сонымен қатар Чехия, Словакия, Польша, Қытай, Корея және Греция және т.б. елдердің омарталарында өсіріледі.

Таза тұқымды карпат араларының денесі таза сұр түсті, дене мөлшері бойынша орта орыс араларға қарағанда кішірек, ал сұр таулы кавказ араларынан біршама үлкен болып келеді (1-сурет). Еттұмсығының ұзындығы 6,2-6,5 мм шамасында ауытқиды. Кубитальді индекс 45-50%, дискоидальді жылжуы – тек оң (орта орыс араларында әдетте, теріс) болады. Бұл аралар ұяны ашуда тыныш, ынтымақшылдығымен ерекшеленеді. Балды ақ түсті қақпақшалармен мөрлейді, ұяны желімдеуі орташа. Алғашқы бал жинауда кіріс бөлігіне жинайды да, содан соң ұяның ішкі жағына жинайды. Карпат араларының қысқа төзімділігі сұр кавказ араларына қарағанда жоғары, бірақта орта орыс араларына қарағанда төмен. Нозематоз жән еуропалық шірік ауруына тұрақтылығы бойынша осы тұқымдардың аралығында орын алады. Карпат араларының көктемдік дамуы ерте басталады және қарқынды жүреді. Аналықтардың жұмыртқалағыштығы тәулігіне 1200-1800 жұмыртқаға және кейбір жоғары өнімді отбасыларда 2000 дейін жетеді. Басты бал жинау кезеңінде отбасы күші ең жоғары деңгейге жетеді. Карпат аралары үйір түзуі әлсіз, үйір жағдайынан жұмыс істеуге тез өтеді.

Ресейдің көптеген облыстарында карпат аралары өсіріледі. Әр аймақтың бал жинау типіне және жағдайына қарай карпат араларының бал өнімділігі орта орыс, краин және сұр таулы кавказ араларынан жоғары да, кейде төмен де болуы мүмкін. Сұрыптау нәтижесінде карпат араларының бірнеше типтері бөлінген: «Вучковский», «Колочавский», «Раховский», «Говерла».

Осы тұқымды зерттеуде үлкен үлес қосқан В.А. Губин 1976 жылы таза тұқымды карпат араларын көптеген жылдар бойы зерттеу нәтижелерінің негізінде карпат араларының морфоэтологиялық стандартын ұсынған. Ол бұл карпат популяциясының таза тұқымды араларының эталоны деп көрсеткен. Содан кейінгі 30 жылдан астам уақыт аралығында үздіксіз зерттеулер жүргізу негізінде бірқатар морфоэтологиялық белгілер қайта қаралып, жаңа мәліметтер жиналды, араларды өсіру технологиясы зерттеу және жітілдіру одан ары жалғасты.



Сурет 1 - Карпат бал ара тұқымы

Таза тұқымды карпат араларын биологиялық қасиеттерін зерттеу нәтижесінде алынған көптеген нәтижелер негізінде П.И. Прокопович атындағы Украина ара өсіру институтында В.А. Гайдармен осы стандартқа (1-кесте) бірқатар өзгерістер мен дәлдіктер енгізілген. В.А.Гайдар, И.А. Левченконың зерттеулерінде карпат аралары Украина жағдайында краин араларына қарағанда шаруашылыққа пайдалы белгілері бойынша артықшылығын көрсеткен және барлық Украина аймақтарында жақсы қыстаған.

Кесте 1 - Карпат араларының морфоэтологиялық белгілерінің стандарттары (В.А.Губин, 1976; В.А.Гайдар, 2004)

Белгілері	Жұмысшы аралар		Аталық аралар	
Кубитальді индексі	2,3;типтілік2,6 (40-32%)	2,3-3,0 (43-33%) типтілік 2,6 (38%)	1,8;типтілік2,0 (53-42%)	1,8-2,3 (55-43%) типтілік 2,0 (50%)
Дискоидальді жылжуы,%	80% оңдылық	95-100% оңдылық	80% оңдылық	80% оңдылық
Еттұмсұғының ұзындығы,мм	6,4-6,7	6,6-7,0	-	-
Алдыңғы қанатының ұзындығы,мм	9,3-9,6	9,3-9,8	-	-
3 және 4-ші тергит,мм	4,5-4,6	4,6-4,7	-	-

Краин бал ара тұқымы - карника. Краин бал ара тұқымы (*Apis mellifera carnica* Pollm) Алғашқы тіршілік құрған жері: Австриялық Альпының оңтүстік бөлігі және солтүстік Балқан. (Югославия, Краин аймағы), ал кең көлемде алсақ- Македония және Дунай бойы (Венгрия, Руминия, Болгария). Мұндағы тіршілік ететін аралардың Альпылық Краин араларынан айырмашылығы жоқ, сондықтан, сөзсіз бір жіктік бірлікке жатады. Көптеген белгілерімен Краин аралары таулы Кавказ араларына ұқсас болғанмен, біраз маңызды ерекшеліктері де бар.

Краин арасының денесі сұр күміс түсті тармақтарымен қатар, құрсақтарының алғашқы 2-3 буындары сары болып келетін тармақтары да бар. Денесіндегі сары рең маусымдық сипатта, өйткені, жаздың басында пайда болған сары рең, жаз соңындағы аралармен салыстырғанда айқынырақ болады.

Жұмысшы аралардың салмағы 110 мг, жұмыртқасыз аналық 185 мг, жұмыртқалысы 205 мг тартады. Тұмсық ұзындығы 6,4-6,8 мм, үшінші бунақтың шартты жалпақтығы 4,9 мм. Ашушаң емес, Карпат арасына қарағанда ұрлыққа бейімдеу. Аналықтарының жұмыртқа салу қабілетілігі жоғары, тәулігіне 1400-2000-ға жетеді. Ара ұясының күші Карпат араларына қарағанда 2 еседей аз. Ұяның көктемгі жұмысы өте ерте басталып, тез жүреді, және ерте аяқталады. Сондықтан Краин арасы басқа тұқымдармен салыстырғанда, көктемгі алымды жақсы жинайды. Ал негізгі алым аз болған кезде Краин арасы үйірлім түзуге әуес, ал бал өнімінен Карпат арасына жетпейді. Краин арасының бір ерекшелігі қысқа төзімділігі. Өз отбасының жәндіктерінің сілекейінен жиналған балмен – ақ қыстан шығып кетеді. Жаңа бал қорларын іздеуде өте іскер, қызыл жоңышқаға әуес. Өз ұяларын қорғауда әлсіздеу. Күшті үйірлім түзуіне қарамастан, үйірлім түзуін тоқтатуға болады. Өз ұясындағы дернәсілдері ауруға көп шалдықпайды, бірақ нозометоз және аскаротидоз ауруларына сезімтал. Ұяшық жабыны ақ түсті. Тасымалдау кезінде және көшіріп қондыруда шыдамды келеді. ТМД-да және Қазақстанда, Беларусь аумағында өсіру ұсынылды.



Сурет 2 - Краин бал ара тұқымы

Бал араларынан алынатын негізгі өнімдер: бал, балауыз, гүл тозаңы, ара сүті, араның уы. Табиғи бал – тәтті, қоймалжың хош иісті зат. Аралардың өсімдік гүлінің шірнесінен, шырыншықтан, кейбір өсімдіктердің жапырақтарынан, сабағынан, кейбір насекомдардың бөліп шығаратын тәтті сұйықтарынан алынатын өнімі болып табылады. Сонымен, бал өсімдіктер мен аралардың бірлесіп шығарған өнім. Табиғи балдың 2 түрі бар: шірне (жөке, терек, самырсын, шырыншық) және өсімдіктердің жапырақтары мен сабақтары бөліп шығаратын тәтті сұйық. Табиғи балдың түйіршік түрі де бар (ұзақ сақтағанда) [1].

Бал ежелгі азықтық өнім, бал аралар оны гүлдің немесе шіре бал шырынынан өңдейді. Бұл азықтануға қолданылған бірінші қантты өнім деп есептеуге болады. Балдың пайда болу үрдісі бал араның тіршілігінің қортындысы құрамы мен гүл балшырынынның қасиетіне байланысты. (МЕСТ 197-2001 ж.) талап бойынша ботаникалық тегі бойынша табиғи бал: гүл балы, шіре балы және аралас болып келеді. Гүл балы - өсімдік шірнелерінен алынған аралардың қайта өңдеген өнімі. Аралардың өндіретін моноферлі балдың Қазақстанның көптеген омарталарында және алуан түрлі аймақтарында кездесетін балдың түрлері төмендегідей: қораған балы, түймебас балы, тікен құрай, жылан бас шөп, эспарцет, жебіршөп, қыша, мақта, күнбағыс, арша, балдырған, қарақұмық, беде, жантақ, түйе жоңышқа, тал, шайқұрай, таңқұрай, темекі, фацелия, жуа, көкшегүл, қазтамақ, жоңышқа, шұбаршөп, шалғындықтың аралас шөп, далалық аралас шөптердің, таулы аралас шөптердің мамыр, шіре және көрез балдары.



Балды өсімдіктер – гүлінен бал арасы шірне, тозаң жинайтын жабықтұқымды өсімдіктер тобы. Өсімдік гүліндегі шырын шығаратын алуан түрлі бездер өсімдіктердің гүлінде, кейде тостағанша және күлте жапырақшаларында орналасады.

Ал ондай бездер өсімдіктің сабағында, жапырақ сағақтарында, бөбешік жапырақтарында және гүлжапырақтарында сирек кездеседі. Бір гүлден бөлінетін бал мөлшері өсімдік түріне қарай әр түрлі болады. Мыс., тропикте өсетін *Согуанthes* туысына жататын орхидея 30 г, жөке ағашы 0,15 – 7,45 мг, таңқурай 14 мг, түйежоңышқа 0,16 мг бал түзеді. Кейбір өсімдіктер (терек, шие, т.б.) шайыр тәрізді зат бөледі, одан аралар бал ара желімін (прополис) түзеді. Гүлінің шірнесі мол әрі оны бал арасы оңай алатын 200-ден астам түрінің омарта

шаруашылығында маңызы зор.

Беде (*Trifolium*) – бұршақтар тұқымдасына жататын көп жылдық кейде бір жылдық шөптесін өсімдіктер. Солт. жарты шардың қоңыржай белдеулерінде, сирек Оңт. Америка мен тропиктік Африкада кездесетін 200-ге жуық түрі белгілі. Республиканың барлық жерінде, шалғындықтарда, ойпаң жерлерде, өзен, жол бойларында, тау бөктерлерінде өседі. Жиі тараған түрі – қызылбас беде (*T. pratense*). Оның биікт. 15 – 50 см-дей, сабағы жұмыр, тамыры жуан болады. Жапырағы күрделі, 5 – 9 жапырақшалары бар. Гүлі ұсақ қызыл, қызғылт, сары не ақ түсті, шар тәрізді домалақ немесе сопақша келген шашақ гүлшоғырға топталған. Жемісі – бұршақ, оның 1 – 2, кейде 3 – 6 дәні бар. Мамыр – тамыз айларында гүлдейді, таза күйінде немесе еркек шөппен, бидайықпен, тарғақшөппен қосып себеді. Бұл жағдайда ол мол өнім береді әрі мал сүйсініп жейді. Балдың құрамында протеин, каротин, витамин, азотсыз заттар, клетчатка, май, күл және фосфор көп болады, жылына 3 – 4 рет орылады, топырақтың сортаңданбауына, эрозияға қарсы күресте тигізетін әсері зор, сонымен қатар гүлдеген кезінде одан жақсы бал жиналады.



Сурет 3 - Қазақстанның Оңтүстік-шығыс аймағындағы балды өсімдіктер

Аққурай (*Psoralea*) – бұршақ тұқымдасына жататын бұта, көп жылдық шөптесін өсімдіктер. Маңғыстаудың құмды жерлерінде қаулап өседі. Қазақстанда сүйекті Аққурай (*P. drupacea*) түрі кездеседі. Ол Оңтүстік Қазақстанның тау бөктерлерінде, құмды жерлерде қаулап өседі. Биіктігі 100 – 120 (200) см. Тамыры тереңге кетеді. Бұтақталған түкті сабағы тік болады. Жабысқақ безді жапырақтары жай, бүтін жиекті, үшқұлақты келеді. Ұсақ ақ, қызғылт түсті гүлдері жапырақ қолтығында орналасады. Мамыр – маусым айларында гүлдейді. Тамыз – қыркүйекте жеміс береді. Жемісі – көп тұқымды бұршақ. Аққурайдан жақсы сүрлем шөп дайындалады. Бұл өсімдікті қой мен түйе қыста сүйсініп жейді. Оның 1 га-сынан 10 – 25 ц шөп жиналады. Аққурай құрамында эфир майы болғандықтан, медицинада дәрілік өсімдік ретінде қолданылады. Жапырағынан желім, тамырынан ілік заттар, сабағының талшығынан арқан есетін жіп алынады.

Сары қараған (ағылш. *Caragana arborescens*) - бұршақ тұқымдасына жататын биіктігі 0,5-2 м бұта не 5-7 м ағаш. Жапырағы қауырсын салалы, шоқтанып орналасқан, қосалқы жапырақшасы тікенді. Гүлі қос жынысты, сары гүлі 1-5 тен топтанған. Жемісі 5-8 тұқымды бұршақ. Мамыр-маусымда гүлдеп, шілде-тамызда жемісі піседі. Сары Қараған тез өседі, суыққа төзімді, тұқымынан және жас шыбығынан көбейтіледі. Сары қараған қалың бұталы орманды және орманды далалы аймақтарда, жыра, ай, тау бөлітерінде өседі. Сары қараған Шығыс және Батыс Сібірде, Монғолияда, Қазақстанда: Көкшетау, Семей, Шығыс Қазақстан, Алматы облыстарында таралған. Сары қарағаны топырақты құнарландырады, жас бұтақтарынан себет тоқылады. Өсімдік үшін қолдан өсіріледі, гүлінен ара бал жинайды. Тұқымы майлы, құсқа жем.

Зерттеу әдістері мен әдістемесі. Судың салмақтық үлесін анықтау. Әдіс балдың сыну көрсеткішіне ондағы судың болуына байланысты негізделген. Сыну көрсеткішінің шкаласын бөлу бағасымен Рефрактометр 1•10-3 артық емес. 60°C электр қыздырғышы бар су моншасы. Егер бал кристалданған болса, онда 1 см жуық балды пробиркаға орналастырады, резеңке тығынмен тығыз жабады және кристал толық ерігенше 60 °C температурада су моншасында қыздырады. Содан кейін пробирканы зертханадағы ауа температурасына дейін салқындатады. Шыны түтікшенің қабырғаларының ішкі бетінде конденсацияланған суды және бал массасын шыны таяқшамен мұқият араластырады. Егер анықтамалар 20 °C төмен немесе жоғары температурада жүргізілсе, онда Цельсийдің әрбір градусқа түзету енгізіледі: 20 °C жоғары температура үшін 0,00023 сыну көрсеткішіне қосылады; 20 °C төмен температура үшін 0,00023 сыну көрсеткішінен шегеріледі. Параллельді анықтаулардың нәтижелері арасындағы жол берілетін алшақтықтар 0,1% - дан аспауы тиіс.

Сирек кездесетін қанттар мен сахарозалардың массалық үлесін анықтау

Әдістің мәні калий феррицианид ерітіндісінің оптикалық тығыздығын балдың редукциялаушы қантымен реакциялағаннан кейін анықтау болып табылады. Сынау әдісі инверсияға дейін және кейін бал қанттарын анықтауды қамтиды.

Диастаз санын анықтау

Әдіс ферментативтік реакция жүргізу жағдайында ыдыратылған субстрат мөлшерін колориметрлік анықтауға және кейіннен диастазды санды есептеуге негізделген. Диастазалық Сан балдың амилolitikалық ферменттерінің белсенділігін сипаттайды. Диастазалық Сан крахмал ерітіндісінің 1% массалық үлесінің текше сантиметрін білдіреді, ол 1 г құрамында сусыз бал бар 1 сағ амилolitikалық ферменттермен ыдырайды.

Инвертті қанттың стандартты ерітіндісін дайындау.

0,001 г артық емес қателікпен өлшенген 3 тәулік бойы эксикаторда алдын ала кептірілген сахарозаны (немесе рафинад қант), ерітіндінің жалпы мөлшері 100 см артық болмайтындай есеппен, сыйымдылығы 200 см өлшеуіш колбаға салады, 5 см концентрацияланған тұз қышқылын қосады, колбаға термометр салады және 80-82 °C дейін қыздырылған су моншасына салады.

Содан кейін ішіндегісі бар колбаны 20 °C-қа дейін салқындатады, метилді қызғылт сары ерітіндінің бір тамырын қосады, калий немесе натрий гидрототығы ерітіндісімен салмақтық үлесі 25% бейтараптандырады, колбаның ішіндегісін дистилденген сумен таңбалауға дейін жеткізеді және мұқият араластырады. Алынған ерітіндіде 1 см 2 мг қант бар.

Зерттеу нәтижелері. Гүлді монофлерлік әдістер арқылы республикамызда әр түрлі балдар алынады. Аралар бал шырынды өсімдіктің активті бездерінен жинайды – балшырындық, бұл уақытта өсімдіктің шірінімен қоректенетін насекомдардан бөлінетін шіре араларға екінші көмекші материал ретінде қолданады. Балшырын мен шірені аралар балға айналдырады. Балшырынның құрамы, өсімдік шырынның құрамынан өзгеше. Ол негізінен қанттың сулы ертіндісі, оның құрамы өсімдіктің түріне байланысты. Бал шырынның балға айналуы- күрделі физиологиялық және физикалық үрдіс, бұл үрдіске бал ара ұясының барлық жұмысшы бөлігі қатысады. Балшырын 50-75% су, 13-45,3% қызылша қанты 20-31,0%, моносахарид, минералды заттар, органикалық қышқылдар, витаминдер, ферменттер, хош иісті заттар, антимикробтық және басқа да қосындылар құрайды [1]. Олардан алынатын балға мінездемелік ерекшеліктер береді. Осыған байланысты шаруашылықтағы өсетін өсімдіктердің сипаттамалары 2- кестеде көрсетілген.

Ұ.Ә. Нұралиеваның зерттеулеріндегі мәліметтер бойынша Оңтүстік-шығыс Қазақстанда өсетін негізгі бал беретін өсімдіктердің гүлдену күнтүзбесі көрсетілген [2].

Кесте 2 – Оңтүстік - шығыс Қазақстандағы балды өсімдіктердің гүлдену мерзімінің күнтүзбесі

Бал түзетін өсімдіктер	Гүлдену мерзімі		Бал түзетін өсімдіктер	Гүлдену мерзімі	
	басталуы	ұзақтығы (күн)		басталуы	ұзақтығы (күн)
1	2	3	4	5	6
Өрік	10-12. IV	10-12	Ақ тал	20-29. IV	6-22
Ақ қараған	25-27. V	15-19	Қызылқоға *	20-24.IV	30-40
Сары қараған	6-8. V	15-19	Тау капуста *	10-14. V	20-30
Бақша жемісі:			Иван-чай *	25-29. VI	40-50
Қияр	6-8. V	30-44	Тошола	10-14. V	29-33
Қарбыз	10-18. VI	26-34	Ақ жоңышқа *	10-16. VI	30-40
Қауын	1-10. VII	25-19	Қызыл жоңышқа	20-26 .VI	30-40
Асқабақ	10-12. VII	14-20	Шақпа шөп *	1-10. VII	20-24
Тікенқурай *	18-20. VI	30-34	Көкбас шөп	15-20. VI	20-30
Жантақ	25-29. VI	25-29	Бастыпияз	20-25. VI	18-24
Көк бұта	5-7. VI	30-34	Беде:1- шабулы	10-12. VI	8-10

Шегіршін ағаш	5-10. V	7-10	2дән тұқымдық	22-24. VII	20-30
Сиыржоңышқа	10-12. IV	20-40	Жеке ағашы	15-20. VI	10-18
Жүзім	5-9. VI	7-11	Таңқурай	10-16. VI	20-30
Мақташа *	15-20. VI	20-40	Жидекқурай*	15-18. VII	20-40
Шие	20-25. IV	10-16	Лакса (арам қурай)	20-26. VI	20-40
Қыша шөп	15-20. VI	20-30	Күнбағыс		
Алмұрт	20-21. VI	10-14	Сасықшөп *	20-30. VI	20-40
Самалдық	10-14 VI	30-40	Көгергендақ *	20-24. VI	20-40
Қазтамақ гүл *	15-20. IV	20-30	Алхоры	20-24. IV	10-12
Бұта *	20-26. VI	40-44	Аюқарақат	20-24. V	10-14
Түйежоңышқа*	5-8. VII	40-44	Қыша	28-30. VI	20-30
Киік шөп *	23-25 IV	45-67	Жыңғыл	5-15. V	15-17
Айбалдырған *	18-20. VI	10-16	Қызылшие	20-24. IV	15-17
Итқонақ *	20-24. VI	20-30	Шеңгел	15-30. V	20-25
Шырша	1-4. VII	20-30	Шабдар *	15-20. VI	30-40
Сиырбүлдірген	1-8. VII	20-30	Жалбыз	15-20. VI	30-34
Шеңгел	25-27. V	16-20	Экспарцет:1-шабу	1-4. VI	10-12
Көкмарал *	15-19. VI	40-50	2-тұқымға дән	1-5. VII	30-40
Жыланбас *	25-15. VI	20-30	Алма	1-5. V	10-14
Бүлдірген	25-30, VI	25-60			
Сайсағыз	17-21. VII	45-61			

Аралардың қандайда бір тұқымдарын белгілі жағдайда өсіруге таңдаудың ең маңызды белгілерінің бірі ара отбасының бал өнімділігінің көрсеткіші болып табылады.

Қазақстанның Оңтүстік-шығыс аймағындағы негізгі бал көзін жайылымдық, таулық алуан түрлі шөптер құрайды.

2017-2018 жылдар аралығында бал ара отбасыларына бал және балауыз өнімділігін анықтауға жүргізілген зерттеулер 3 - кестеде көрсетілген. «Добрый мед» жеке шаруа қожалығындағы краинка бал ара тұқымдарынан 5 ұя таңдап алынып, олардың бал және балауыз өнімділіктері салыстырылды. №56 ұя басқа ұяларға қарағанда 5 кг артық бал, балауыз өнімділігі бойынша да №56 ұя басқаларына қарағанда 2,2 кәрезге артық жинаған. «Добрый мед» жеке шаруашылығында таза балдың орташа көрсеткіші 28,5 кг құрады, ал балауыз өнімділігі бойынша орташа көрсеткіші 7,64 кәрезді құрады.

Кесте 3 - «Добрый мед» жеке шаруашылығындағы краинка бал араларының бал және балауыз өнімділігі

Ұя топтары	Таза бал (кг)		Балауыз (кәрез дана)	
	M±m	C _v %	M±m	C _v %
№42	28,1±2,20	29,5	7,5±0,60	34,2
№47	23,5±3,18	42,2	6,0±0,60	39,2
№56	35,50±1,64	15,7	10,5±1,00	31,0
№70	30,4±1,52	20,5	8,4±0,20	30,8
№69	25,0±1,40	40,8	5,8±0,10	40,2

Кестеде көрсетілгендей бал өнімділігі бойынша бірінші орында краинка ара тұқымы орташа отбасыға 37,86-40,23 кг бал жинаған. Жиналған бал мөлшері бойынша краинка ара тұқымы карпат ара тұқымды аралардан 2,12-7,46 кг артық бал жинағаны анықталды.

Кесте 4 - «Крестьянское хозяйство» жеке шаруашылығындағы бал аралардың бал және балауыз өнімділігі

Жылдар	Ара топтары	n	Бал өнімі			Балауыз (кәрез)		
			M ± m	C _v %	t _d	M ± m	C _v %	t _d
2017	Карпат	50	40,23±5,71	16,50	2,00	10,3 ±1,01	7,00	0,70
2018	Карпат	50	37,87±1,55	8,29	1,17	9,5±0,19	6,51	1,03

2017 жылғы бал өнімділігі бойынша карпат тұқымымен краинка араларындағы сенімділігі (P>0,999) көрсетті. 2018 жылғы бал өнімділігі бойынша карпат ара тұқымымен краинка араларының арасындағы сенімділігі (P>0,95) көрсетті.

Аралардың балауыз бөлу қабілеттілігі, шаруашылыққа пайдалы белгілерінің ең маңызды белгілерінің бірі болып саналады. Біздің зерттеулерімізде кәрез құру саны бойынша анықталды. 4-кестеде көрсетілгендей карпат ара тұқымы басқа ара топтарға қарағанда 9,13-9,36 кәрез саны аралығында жинаған, ал краинка аралар 8,46-7,90 кәрез саны бойынша жинағаны анықталды.

Мысалы, Кемеровский ауыл шаруашылық станциясында бір жылдық көлемде өткізіліген тәжірибеде, Батыс Сібірдің жағдайында карпат аралары жақсы қыстаумен, жоғарғы өнімділігімен және жоғарғы бал жинаумен ерекшеленген. Берілген мәліметтер жағдайында құрсақ бөлігінен шығатын жүгі карпат араларында қыстаудың соңғы кезеңінде 23,3-25,0 мг құраған, ал басқа дараларда 60-70 мг, іш өту белгісі болған жоқ. Мұны күелендіруде карпат араларының ішегіндегі үлкен жүк салмағы және уақыттың жалғасуымен олардың ұшпау ұзақтығына төзімділігі жоғары [2].

Сонымен, карпат тұқымды аралар бал және балауыз өнімділігі бойынша көрсеткіштерінің басқа ара топтарымен салыстырғанда жоғарылығы анықталды.

Әдебиеттерді зерттей келе, Т.Т.Тормосина «Кисловодский» ара шаруашылығында 1983 жылы карпат тұқымының 62 ізі аналықтарының отбасы жалпы өнімі 60,5 кг бал жинағанын, 77 ізінің аналық отбасылары 9,8 кг (16,2%) және 50 топтан 14,5 кг (24,1%) артық алынғанын байқадық. Бал жинауда ара отбасыларының айырмашылығы 77 ізі, 50 топ және бақылаудағы 62 ізінің сенімділігі осы көрсеткіштердің бір деңгейде емес екенін айтады. 69 іздің ара отбасыларының жалпы бал өнімі орташа 32,2, кг және 159 топтың бал өнімі -53,0 кг және осы белгі бойынша 62 із ара отбасынан айырмашылығы болмаған. 77,62,69, іздердің ара отбасы және 159,50 топтардың бал өнімділігі бір бірінен айырмашылығы болмағанын және өздеріне тиісті бал алынған 44,4, 49,2, 44,8, 43,0 және 45,9 кг бір отбасыға орташа. Яғни таза тұқымды ара отбасының іздері 77,62,69 және 159,50 топтары 73-94 кг дейін орташа бал жинаған.

Әдебиеттегі мәліметтер, карпат ара тұқымы араларының әр түрлі іздері және топтарынан бал жинауға және балауыз түзуіне қолайлы жағдайы болғанын және 62 із ара отбасы басқа отбасыларға қарағанда балауыз түзуі жоғары болғанын айтады. Осы іздердің отбасыларынан орташа 1,32 кг балауыз алған. Ал барлық ара отбасыларының орташа 0,70-0,89 кг балауыз алған. Карпат ара тұқымының әр түрлі іздері және топтарының жақсы балауыз бөлуі қабілеттерінің арқасында әр отбасыға 450-584г таза балауыз алынаған. Сонда әр отбасы 7-10 кәрез құрған, ал ең күшті отбасылары 13-20 кәрез құрған. Осы ара отбасыларын пайдалана отырып ара шаруашылығы өнімдірін жоғарлатуға болатыны айтылады [3, 7].

5 - кестеде «Добрий мед» жеке шаруашылығындағы таза балдың органолептикалық және физико-химиялық көрсеткіштері көрсетілген. Шаруашылықтағы таза балдың құрамы МЕСТ 19792-01 нормаланған көрсеткіштеріне сәйкестігі зерттелінді. Алынған зерттеу нәтижелері таза балдың ылғалдығы, иісі, дәмі бойынша, құрамындағы қант пен сазароза, диастазалардың мөлшері бойынша стандарттық көрсеткіштерге сәйкестілігін көрсетеді.

Кесте 5 - «Добрий мед» жеке шаруашылығындағы таза балдың органолептикалық және физико-химиялық көрсеткіштері

Көрсеткіштер	Нормаланған көрсеткіштер	Алынған концентраттар	Нормативтік құжаттардың зерттеу әдістерінде белгіленуі
Судың салмақ үлесі, %	21,0	21,0	МЕСТ 19792-01
Редукцияналатын қанттың жалпы үлесі, %	82,0	82,3	-//-
Сахарозаның салмақ үлесі, %	6,0	4,2	-//
Диастазды сан, (абсолюттік құрғақ зат), Готе бірлігі бойынша	7,0	34,2	-//-
Жалпы қышқылдық, см ³	4,0	2,0	-//-
Исі	Жағымды, күшті, басқа жағымсыз исі жоқ		
Дәмі	Тәтті, дәмді, басқа дәмсіз		
Ашудың белгілері	жіберілмейді	табылған жоқ	-//-
Механикалық қоспалар	жіберілмейді	табылған жоқ	-//-

6 - кестеде «Крестьянское хозяйство» жеке шаруашылығындағы, таза балдың органолептикалық және физико-химиялық көрсеткіштері көрсетілген. Шаруашылықтағы таза балдың құрамы МЕСТ 19792-01 нормаланған көрсеткіштеріне сай екендігі анықталды.

